

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№47 (7884)
Жұма
25 қараша
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан
shygady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

Сенбиде Президент ант береді

Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс өткізілген Президент сайлауының нақты қорытындысын жариялады. Сайлаушылардың 81,31 пайыз сеніміне ие болған Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті ретінде тіркелді. Осылайша жаңадан сайланған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президент ретінде 26 қараша күні ант береді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің бұқаралық ақпарат құралдарына берген мәлімдемесі бойынша бұл аса маңызды саяси додада Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн 456 мың 392 сайлаушы дауыс берген. Сондай-ақ, елдегі сайлаушылардың 271 мың 641-і (3,42 пайыз) Жигули Дайрабаевқа, 206 мың 206 (2,6 пайыз) адам Қарақат Әбденге, 200 мың 907 (2,53 пайыз) сайлаушы Мейрам Қажықенге, 176 мың 116 азамат (2,22 пайыз) Нұрлан Әуесбаевқа және 168 мың 731 сайлаушы (2,12 пайыз) Салтанат Тұрсынбековаға таңдау жасаған. Ал осы жолы енгізілген «Беріне қарсымын» бағанын 460 мың 484 (5,8 пайыз) сайлаушы белгілеген.

– Сайлаудың алдын ала қорытындылары ресми келіп түскен хаттамалармен расталды. Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Конституциялық Заңының 9-бабы 1-тармағына, 65-бабына сәйкес, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50 пайыздан астамының дауысын алған кандидат республика Президенті болып саналады. Осылайша, 2022 жылғы 20 қарашадағы кезектен тыс сайлауда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды, – деді ҚР Орталық сайлау комиссиясы отырысында Нұрлан Әбдіров.

Орталық сайлау комиссиясы жариялаған ақпаратқа сүйенсек, жалпы еліміз бойынша сайлаушылар саны 11 млн 953 мың 465 адамды құраған. Оның 69,44 пайызы, яғни, 8 млн 300 мың 46 адам дауыс берген. Сайлау күні президенттікке үміткерлердің 11 мыңнан аса сенімді өкілдері, халықаралық ұйымдардың 641, саяси партиялардың 15,5 мыңнан аса, қоғамдық бірлестіктерден 30 мыңнан аса байқаушылары сайлау барысын бақылапты.

Сонымен қатар, сайлау учаскелерінде 1225 қазақстандық, 23 елден 41 шетелдік ақпарат құралдарының аккредиттелген өкілдері тынымсыз ақпарат таратып отырған.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Президент сайлауы ұлттық заңнама мен халықаралық міндеттемелерге сай жүзеге асырылды деп атап өтті.

Өз тілшімізден.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Бірлігі бекем елдің тірлігі түзу

Қазақ елі үшін, қазақ қоғамы үшін бұл сайлаудың саяси да, тарихи да маңызы зор. Ішкі-сыртқы күштердің алақұйын арбауы мен арандатуларына қарамастан, еліміздің барлық аймақ, өңірлерінің халқы осы Президент сайлауында белсенділік танытты. Ақтоғайлықтар да саяси сауаттылығымен бірге ынтымақ-бірлігін, өзінің алдағы жеті жылын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге болуға бел байлаған ұйымшыл ұстынын көрсетті.

Әрбір қазақстандық еркін азамат қатарында сайлау күні өз дауысымызды бердік. Жарқын болашақ үшін, жаңа дәуір дамуындағы жақсы бастамалардың іске асуы үшін, халқымыздың берекелі тірлігі, еліміздің бұзылмас бірлігі үшін дауыс бердік. Сайлаудың маңызы – жөшікке қағаз қосу, белгі соқтыру емес, әрбір адамның өзіндегі зор жауапкершілік жүгін сезіну, ел келешегіне үлес қосуы. Сайлау тіректеріне келіп жатқан жұртшылықтың жүзіндегі сенім нышаны олардың әрқайсысының көңілінде осындай мақсат бар екенін аңдатады.

«Біздің бір ғана мақсатымыз бар. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Шындығын айтқанда, елімізде әлуметтік салада, экономика мен саясатта көптеген жүйелі мәселе қордаланып, азаматтардың мемлекет

пен билікке деген сенімсіздігі арта түсті. Бұл мемлекетіміздің тұрақты дамуын тежейді, ұлттың жасампаздық мүмкіндіктерін шектейді. Сондықтан, мемлекеттік саясатымызда әділеттілік идеясы ең маңызды болуы тиіс» – деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде.

Халық осы шындыққа тоқтады, әділеттілік жолын таңдады деп айтуға болады. «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін» бағдарламасын таныстырғанда Президент «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген формуланы берік ұстанатындығын айтты. Халықтың еңбек етіп, бейнетіне сай зейнетін көріп, бейбіт, бақытты өмір сүргісі келеді. Ендеше, мемлекет бұл жолға бар мүмкіндігін арнауы тиіс. Мемлекет басшысы осы бағытты ұстанып отырғанда оған бір қолдың саласындай қолдау көрсетуіміз қажет. Сайлаудан кейінгі Ел басшысына артар сенім де, қояр талабы да зор. Жаңа Қазақстанның жаңа бағыты, жаңа бағдары, жаңа қадамдары – Қазақ елін демократиялық дамудың жолына түсіріп, ұлттық мемлекеттілігіміздің негізі қаланады деп сенгіміз келеді.

Ш.Естеков,

Ақтоғай ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қазақстан-2050: Агроөнеркәсіп кешені

Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді

Жұма күні аудандық Мәдениет үйінде Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Айтулы шараға ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу қызметкерлері және алдыңғы қатарлы мамандар жиналды. Жиынға аудан әкімі Салтанат Әбеуова арнайы қатысып, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін мерекесімен құттықтады. Ерлен еңбектері үшін алығы білдірді.



Аудан әкімі Салтанат Әбеуова, аудандық мәслихат хатшысы Рашид Әбеуов, Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу ұйымдары және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы қоғамдық бірлестігі төрағасы Дархан Жүзбаев өуелі мерекеге орай ұйымдастырылған көрмені тамашалады. Өңірдің барлық ауылдық округтерінен өкелінген ауыл шаруашылығының ең озық өнімдері көпшіліктің көңілінен шықты.

Өңір басшысы С.Мірәсілқызы өзінің құттықтау сөзінде ауыл шаруашылығына

қатысты әр салаға тоқталды.

– Құрметті ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері, сіздерді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының негізгі бағыты. 2022 жылы ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 240286,5 млн теңгені құрады. Нақты индекс көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 104,1 пайызды құрап отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық

(Жалғасы 2-бетте).

«АҚТОҒАЙ АЖАРҮ»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық, ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031, 6 айға 1500 теңге, 1 жылға 3000 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031, 6 айға 2000 теңге, 1 жылға 4000 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai_red@mail.ru

(Соңы. Басы 1-бетте).

диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында дамыған өнеркәсіп кешенін құру мәселесін көтерген болатын. Ондағы басты мақсат – ауылдың тұрмыстық ахуалын көтеру, оған жаңа тыныс, жаңа серпін беру. Аграрлық салаға мемлекеттік қолдау көрсету. Соның жарқын бір көрінісі «Ауыл



шаруашылығы объектілерін дамыту» бағдарламасы аясында облыстық бюджеттен жалпы құны 126 811,6 мың теңгеге «Ветеринариялық станция» ғимараты салынды, – деді С.Әбеуова.

Өңір басшысы мемлекеттің фермерлерге барынша көмектесіп жатқанын атап өтті. Тек, биылғы жылдың өзінде 130 шаруа қожалығына 11 269,0 млн теңге субсидия бөлінген. Ол сондай-ақ, егіншілік пен мал шаруашылығында сандық технологияларды енгізудің маңыздылығын айтты.

Осы күні ауыл шаруашылығы саласының мамандары салтанатты түрде ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің және облыс әкімінің Құрмет грамотасы, «Еңбек даңқы», «Елүлі еңбегі үшін» төсбелгілері бойынша марапатталды. Ауыл шаруашылығы мерекесіне орай ветеринариялық станциясына жаңа мемлекеттік автокөліктердің кілті тапсырылды.

Ел экономикасын еселеуге тер төгіп, ауданның агроөнеркәсіп саласын дамытуда табысты еңбек етіп

жүрген «Нұршат» шаруа қожалығының жетекшісі Еркін Мұнайғабасов пен «Арай» шаруа қожалығының жетекшісі Ернат Мұқашев ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрланбек Жаңабегеновке, аудан әкімінің Құрмет грамотасы жеке кәсіпкер Әселім Қалкеева, «Өміржан» шаруа қожалығының жетекшісі Нұрболат Қажықаримов және «Әлібек» шаруа қожалығының жетекшісі Батырлан Рысбековке табысталды.

Жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтаған Дархан Жүзбаев Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу ұйымдары және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының «Елүлі еңбегі үшін» төсбелгісін ауданның ветеринария станциясы басшысының міндетін атқарушы Нұрсұлтан Сабыржанов, Құсақ ауылдық округінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Қуанышбек Жакышов және «Жігер» шаруа қожалығының жетекшісі Берик Ажимекөвтің омырауына қадады. Сонымен қатар, аталған кәсіподақтың «Еңбек даңқы» төсбелгісін ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Аңсабай Жолдасовқа, «Дархан» шаруа қожалығының жетекшісі Ғалымхан Тапаевқа табысталды.

Сонымен қоса, бұл күні ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып, ауыл шаруашылығының өркендеуі жолында еселі еңбек етіп келе жатқан бір топ ақтоғайлықтар Ақтоғай ауданы әкімінің, Қарағанды облысының ветеринария басқармасының және Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу ұйымдары және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының Алғыс хатымен марапатталды.

Сондай-ақ, атаулы мереке қарсаңында Қарағанды облысы әкімінің «Үздік шопан» номинациясын шаруашылық бағыты асыл тұқымды етті – биязы жүнді дегерес құйрықты қой тұқымын өсіру мақсатында, Нұркен ауылдық округінің «Базар» шаруа қожалығының жетекшісі Марат Каримов жеңіп алғанын ерекше атап өтуге болады.

Мерекелік кеш барысында өннен шашу шашылып, жылы лебіздер легі толассыз ағылып жатты. Жылдың төрт мезгілінде тынбай еңбек етіп, құрмет көрсету рәсіміне құр келмеген ауыл еңбеккерлері осылайша ұлықталды.

Думан ҚАБЫЛ

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа жол жоқ

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция ережесіне сәйкес жыл сайын 25 қарашада «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясын өткізе отырып, Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуді жою күні атап өтіледі.

Осыған орай, Ақтоғай ауданы аумағында 2022 жылдың 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы өткізілуде.

Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтпайды, онысы бекер. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, өркімнің ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар деп жазылған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 73-бабы бойынша жауапкершілікке тартылуы мүмкін, ал олардың өрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 109 (ұрып соғу), 110 (қинау), 131 (қорлау) баптары бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Аудан тұрғындары!

Егер сіз немесе сіздің жақындарыңыз, таныстарыңыз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраса, бұл туралы үндемей қоймаңыз. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында оның құрбандары немесе куәгерлері полиция бөліміне арызбен жүгінуі қажет.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық саласында жасалған қылмыс пен құқықбұзушылықтар орын алған жағдайда Ақтоғай ауданының полиция бөліміне тәулік бойы хабарласуларыңызға болады (кезекші бөлім телефоны – 102 немесе сәнім телефоны – 2-13-62).

Э.Тажимаева,

Ақтоғай ауданының ПБ ЖПҚБ Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция капитаны.



Рухани жаңғыру

Ақтоғайдың аспанында ән әуелеп...

Қарашаның 24-і күні қасиетті Ақтоғайдың аспанын әуелеген ән тербеді. Аудандық Мәдениет үйінде «Ән керуен» дәстүрлі ән кеші өтті. Айтулы кешке алтын құрсақты Ақтоғайда дүниеге келген әйдік әншілер дүйім жұртқа дегдар өнерден шашу шашты.

Ақтоғай – талай текті де тұғырлы тұлғаларды түлеткен қасиетті мекен. Ілім-ғылым, өнер мен әдебиет саласында төмам жұртты ауызына қаратқан нелер дүлдүлдер осы арада жарық дүние есігін ашқан. Арысы – Сана би, Қараменде билер мен Жидебай батыр, дәстүрлі ән бұлбұлы Әсеттен бастап, берісі – Әлихан мен Әлімхан, кешегі Кеңес Одағына әйгілі болған Күләш Байсейітова мен Манарбек Ержановтар баршасы осы Ақтоғайдың перзенттері. Бүгінгі таңда да көш басында жүрген жерлестеріміздің есімін атап, жіпке тізгендей түгендей берсек, тақырыптан ауытқып, шығандап кетеміз. Бұл – күшірлігіміз емес, шүкірлігіміз.

Күні кеше маңдайымызға біткен бір қауым күміс көмей, жезтандай әншілер өз өнерлерін паш етті. Атап айтсақ, есімі иісі қазаққа мәшһүр



Дәуренбек Өркенов бастаған Дулат Аханов, Азат Әбдіғалым, Медет Осағай, Нұрлытаң Ермек, Гүлмира Тапай, Ғибрат Қожамбаев, Дариға Хамза және Сәттар Сәрсенқұлов, Арман Айнатаев пен Елжас Кәрімов ағаларымыз аталмыш кештің көркін қыздырды. Қазіргі уақытта өн бойы

даңғазалықтан тұратын арзанқол, той әндерінен жауыр болған жұрт бір уақ бекзада өнерден сусындап қайтты. Жиналған қауымның қарасы қалың болды.

Әуелгі кезекте аудан әкімі С.Әбеуова мінберге шығып, туған жерге алыстан ат арытып келіп

жатқан қайталанбас дарын иелеріне аудан тұрғындары атынан өз алғысын білдіріп, өнерпаздарға шығармашылық табыс тіледі.

Шараның шымылдығын қазақтың қасиетті қара домбырасын серік еткен үштік кербез күйлермен түріп берді. Келесі кезекте талай шаршы топта көш бастап жүрген өнші Медет Осағай дәстүрлі өнге қарай ойысты. Іле бірінің ізін бірі суытпастан өнерпаз қауым қос-қос шығармаларын жұртшылыққа паш етті. Сонымен, бас-аяғы екі сағатқа созылған рухани кеште 25-ке жуық шығарма орындалды. Кешегі күннен керуен тартып, сыпатына сызат түсірместен бүгінгі күнге дін аман жеткен ата-баба мұрасы, Біржан сал, Ақан серілер салып кеткен сара жол жанданып, дәстүрлі өнер бір мәрте жаңғырғандай болды. Кеш соңында көрермен қауымға керемет көңіл-күй сыйлаған әншілер бір туындыны бір ауыздан шырқап шықты. Аталмыш іс-шара төмамдалғаннан кейін еліміздің түкпір-түкпірінен алтындай уақытын бөліп келген өнерпаздар естелік суретке түсті.

Е.АЙТЖАН.

Қазақстан-2050: Агроөнеркәсіп кешені

Ауыл шаруашылығы – экономиканың маңызды саласы

«Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес».
ҚР Президенті Қ.Тоқаев.



Н.Жаңабергенов,
ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Ауыл шаруашылығы – елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін қалыптастыратын, сондай-ақ ауылдық жерлердің еңбек потенциалын, халық шоғырын арттыратын экономиканың бірден-бір секторы. Бұл тұрғыда Қазақстанның агрокешендік перспективасы өте зор. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде бұл саланы ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында да аталмыш салаға ұдайы көңіл бөліп келеді. «Қазақстанда бидай, майлы дақылдар, ет, жеміс-жидек, қант, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу үшін жеті ірі эко-жүйе қалыптастыруға болады. Балық шаруашылығын да арттырудың маңыздылығы зор. Ал, жеке шаруашылық миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік бере алады. Оларды өңірлік азық-түлік хабтарын құруға жұмылдыру қажет», – деді Мемлекет басшысы Жолдауында.

Ауыл шаруашылығы саласы Ақтоғай ауданы экономикасының негізгі бағыты. 2022 жылдың қаңтар-қазан айына ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 24 286,5 млн теңгені құрады, мал шаруашылығы – 13616,4 млн теңге, өсімдік шаруашылығы – 10 667,6 млн теңге. Нақты көлем индексі, өткен жылға тиісті кезеңмен салыстырғанда – 104,1 % пайыз.

Үстіміздегі жылдың 11 айында тірі салмақта өндірілген ет – 7178,5 тонна, өткен жылмен салыстырғанда 107,3 % пайыз. Барлық өндірілген сүт – 30 495,8 тонна, өткен жылмен салыстырғанда 106,2 % пайыз. Барлық алынған жұмыртқа саны – 2 165,6 мың дана, 100 % пайыз.

Аудан бойынша биылғы жылы 30 144 бас ірі қара аналығы тіркелген. Оның ішінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарында 21 097 бас, тұқымдық түрлендірумен қамтылатыны 10 570 бас, яғни 35 пайыз қамту жоспарға қойылды. Жоспар аудан әкімінің қолымен бекітіліп, кент, ауыл, ауылдық округтерге таратылған.

Бүгінгі күнге «Сыбаға» бағдарламасының мониторингінде тұқым түрлендіруге қатысып отырған ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарындағы ірі қара – 28 694 бас, бұдан бағдарламаға қатысып отырғаны – 11 536 бас, яғни тапсырманың орындалысы – 40,2 %. 130 шаруа қожалықтың 11269 бас ірі қара малына 11 269,0 млн. тт. субсидия төленді. Асыл тұқымды аталық малдарды жалға алу барлығы – 103 бас.

Егін ору науқаны аяқталып, қорытынды мәлімет бойынша 790 гектар бидай, 850 гектар арпа орылып, түсімі гектарына 9,0 центнерден айналды,

пайызға жоғары. Барлық кент, ауыл, ауылдық округтерге мал азығын дайындау туралы тапсырманы толығымен орындау жоспары берілді. Бүгінгі күнге 287,4 мың тонна мал азығы дайындалды. Орындалысы – 97%. Тасылғаны – 287,4 тонна.

Ауыл шаруашылығы техникалары саласы 2022 жылға облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бекітілген жоспары бойынша 83 дана ауыл шаруашылығы техникасын алу жоспарланған болатын. Бүгінгі күнге 84 дана ауыл шаруашылығы техникасы алынды, яғни 402,3 млн. тт., жылдық жоспардың орындалысы – 102 пайыз.

Жайылымдық жерге меморандумға отыру Ақтоғай ауданы елді мекендері ауылшаруашылық жануарларын жайылымдық жермен қамтамасыз ету қажеттілігі 159 747 гектар болса, бүгінгі күнге кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері және қоғамдық кеңес өкілдері бірлесіп, 60 шаруа қожалығымен 23 110 гектар жайылымдық жерге меморандум жасалынды.

Алматы қалаларында бір реттен, Қарағанды қаласында үш рет, Балқаш, Приозерск қалаларында бір реттен «Ауыл-Береке-2022» ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өткізілді. Жылдағыдан ерекшелігі, Алматы қаласында жәрмеңке бірінші рет өткізілді.

Осы өткізілген жәрмеңкелерге ауданның шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер мен жеке аула тұрғындары өз өндірген өнімдерін апарып, қала халқына сатты.

Барлығы Астана қаласына 9250 кг ет өнімдері, 100 кг сүт өнімдері және 400 кг балық саудаланды. Алматы қаласына 8000 кг ет өнімдері, Қарағанды қаласында өткен 3 жәрмеңкеде 22120 кг ет өнімдері 350 кг сүт өнімдері және 2500 кг балық, Балқаш, Приозерск қалаларында 9225 кг ет өнімдері, 300 кг сүт өнімдері және 800 кг балық саудаланды.

Аудан бойынша 3 жоба облыстық индустриялық картаға енгізілген. Бұл жобалардың барлығы ұзақ мерзімді. Толық қуатына шығу уақыты 2026



жылға болжанған. Бүгінгі күні «QAZAQ STEPPE SHEEP» ЖШС-де 5000 бас қой өсірілуде. Оның ішінде аналығы – 2455 бас. 7 мега ферма құрылысы салынып, жұмыс жасап тұр. Жайылымды суландыру бағытында 11 ұңғыма құдық қазылды. «Қарашоқы» шаруа қожа-

жалпы 1484 тонна астық жиналды. Сонымен қатар, шаруа қожалықтары ашық топыраққа еккен 18 гектар картоп және 10 гектар көкөніс толығымен жиналды.

Күзгі дала жұмыстарына бөлінген арзандатылған жанар-жағармай – 30 тонна Бұл бөлінген жанар-жағармайды Кежек ауылдық округіндегі «QAZAQ Meat» ЖШС 20 тонна алды, Қызыларай ауылдық округінен «Арай» ш/қ – 5 тонна, Кежек ауылдық округінен «Кежек» ш/қ – 3 тонна, барлығы 28 тонна алынды.

2022-2023 жылғы мал қыстату науқанына қажетті барлығы 294,0 мың тонна ірі мал азығын дайындау жоспары бекітілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда (10,0 мың тн) 3

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлінісі бойынша 2022 жылға ауыл шаруашылығы саласына салынатын инвестиция көлемі 420,0 млн. теңгеге жоспарланған. 2022 жылдың III тоқсанына салынған инвестиция жалпы көлемі 407,7 млн. құрады, сатып алынған техникалар – 301,5 млн теңге және сатып алынған асыл тұқымды малдарға – 34,1 млн. теңге, 57 млн. теңге қондырғы статистика басқармасына тапсырылды. Мерзімді уақытпен салыстырғанда, инвестиция тарту 178 пайызға арта орындалды.

Облыс әкімінің орынбасарының арнайы бекітілген кестелеріне сәйкес, 2022 жылдың қазан-қараша айларында Астана,

лығына инвестжоба ретінде 23 900 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер берілді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехының темір конструктивтік құрылысы салынды. Ресей Федерациясы фирмаларымен қажетті қондырғыларды алуға келісім-шарт жасалды.

«Global Beef Products» ЖШС-де барлығы 600 бас ангус тұқымды ірі қара малы өсірілуде. Мұның 425 басы – аналық мал. Жыл сайын мемлекеттік тапсырма бойынша бордақылау алаңдарына бұқашықтар тапсырып отыр. 2021 жылы – 48 бас, 2022 жылы – 62 бас. Шаруашылыққа малды сұрыптау жүргізетін раскол жасалып, арнайы фиксатор орнатылды.

«Қазақстан-2050»: денсаулық стандарты

Бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дені сау ұрпақ тәрбиелеу, бұл – бүгінгі күннің басты межесі. Өйткені, дамыған отыз елдің көшіне ілесу жолында бәсекеге қабілетті, ой-өрісі озық ұлттың ұрпағы ғана тегеурінге төтеп бере алады. Оның үстіне, спорттағы жетістік мемлекет мерейін асырып,



Ауданда салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту мақсатында жыл басынан бері аудандық деңгейде әртүрлі спорт түрлері бойынша 58 аудандық жарыстар өткізіліп, оған 5120 мыңнан аса спортшылар қатысты. Күрделі жарыстарды атап айтатын болсақ, «Қарлы қыс-2022» спартакиадасы, «Сарыарқа-2022» спартакиадасы өтсе, Қазақ күресінен «Жас барыс», «Ақтоғай барысы» турнирлері, мемлекеттік қызметкерлер спартакиадасы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, 1 мамыр – Бірлік күніне орай төртінші мәрте ұлттық спорт түрлерінен (көкпар, аударыспақ теңге ілу, тай жарысы, аламан бәйге) аудандық чемпионат жалауын желбіретті. «Дені сау әйел – дені сау ұрпақ» атты әйелдер арасында спартакиаданың ауылдық, аудандық кезеңдері өткізілді, сонымен бірге кіші жасөспірімдер, жасөспірімдер арасында спорттың 9 түрінен (үстел теннисі, волейбол ұлдар мен қыздар, дзюдо күресі, шағын футбол, асық ату, бес асық ойыны, қол күресі) II аудандық ойындары өткізілді. Жазғы спорт түрлерінен кіші жасөспірімдер арасындағы Ақтоғай ауданының чемпионаты, «Ардагерлер – ардағым» атты шахмат ойынынан ардагер спортшылар арасындағы Қарттар

жасөспірім, жастар және ересектер құрама командалары 2022 жылдың облыстық спорт басқармасының күнтізбелік жоспарына сәйкес, облыс чемпионатына қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Ауданымызға қарасты Ақши ауылдық округінің көкпар командасы ауданымыздың намысын Шет ауданы әкімінің кубогінде қорғап, жүлделі үшінші орынға ие болды.

Биыл Румыния мемлекетінде «Әлем кубогі» асық спортынан халықаралық жарыста 8 мемлекет қатысып, Қазақстан Республикасының атынан біздің балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің Асық бөлімінің жаттықтырушы-оқытушысы Қаржаубай Ерболат 1-орынды жеңіп алды.

Биылғы жылы аудан спортшылары «Қазақ күресінен» 7 спортшы спорт шеберлігіне үміткер (СШУ) атағын орындаса, тоғызқұмалақтан 1 спортшы «Спорт шеберлігіне үміткер» дәрежесі атағын қорғады және мемлекеттік қызмет көрсету түрлері бойынша футбол бөлімінің оқушы-спортшыға III жасөспірімдік разрядты спортшы атағы 7 оқушы-спортшыға, бокс бөлімінің 2 жасөспірімдік разрядты спортшы атағы берілді.

Жалпы бөлімде 2 мемлекеттік қызметкер және 3

Жетістік көп, жоспар мол

әлем елдері арасындағы беделді өсіреді. Бүгінде елімізде адам үшін осыншама маңызға ие спортты дамытуға барлық жағдайдың жасалып жатқаны белгілі. Ауданымызда да үкіметтік бағдарлама шеңберінде түрлі спорттық нысандар салынып, бұқаралық спортты дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар қолға алынып келеді. Қазіргі таңда аудан көлемінде 60 спорттық нысан жұмыс жасап отыр. Атап айтатын болсақ, 18 гимнастикалық спорт залдар, 8 бейімделген спорт залдар, 24 спорттық алаңдар, 5 хоккей корты, 1 спорт кешені, 1 стадион, 3 стрейт варкаут.

Биылғы жылы Сарышаған кентінде дене шынықтыру және сауықтыру кешені құрылысын салу, Ақтоғай ауылына бассейн құрылысын салу үшін жобалау-металық құжаттары әзірленіп, жоба сараптамадан өтуде, сонымен қатар, аудан орталығындағы стадионды қайта қалпына келтіру жұмыстары басталып, желтоқсан айының соңында қолданысқа беру жоспарланып отыр.

Ауданда жасөспірімдер спортын дамыту мақсатында Ақтоғай ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс жасайды, онда спорттың 9 түрімен: волейбол, футбол, үстел теннисі, қазақ күресі, дзюдо күресі, бокс, тоғызқұмалақ, көкпар және 2022 жылы асық ату спорты қосылып, 720 оқушы айналысуда.

2022 жылға бюджетті нақтылау кезінде аудан көлемінде өтетін спорттық іс-шараларға, спорттық жабдықтар алуға, облыстық республикалық жарыстарға қатысуға аудандық бюджеттен 20182,0 мың теңге қаржы бөлінді.

2022 жылдың 11 ай көрсеткішінде мемлекеттік қаржыландыру жоспарына сәйкес, 18716,0 мың теңге соммасы игерілді.

Жергілікті бюджеттен Сарытерек, Жидебай, Үшарал, Жалаңаш, Қызыларай, Шабанбай би, Кежек, Қараменде би, Ақтоғай ауылына ұлттық спорт түрінен көкпар экипировкасы толығымен 10500,0 мың теңгеге сатып алынды. Сарышаған кенті футбол ойыншыларына толықтай футбол киімі және футбол ойынына арналған сапалы доптар алынды және хоккейшілеріне хоккей экипировкалары 5869,0 мың теңге соммасында алынып берілді және қазақ күресінен 20 дана кимано 224,0 мың теңгеге сатып алынып берілді. Сонымен қатар, аталған барлық округтерге спорт-нұсқаушыларына футбол, волейбол, баскетбол доптары, граната, секундомер секілді спорттық жабдықтарымен жабдықталды, соммасы – 1500,0 мың теңге және ауыл спортшыларына 10 данадан футбол формасы сатып алынды, соммасы – 532,0 мың теңге.

күніне орай аудандық чемпионат, ауыл тұрғындары арасында Ақтоғай марафоны, Спорт күніне орай ауданымыздың облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орын алып, аудан мақтанышы болып жүрген спортшыларды арнайы аудан әкімінің ақшалай сыйлығы табысталып, мерекелік грамоталармен марапатталды. Дәстүрлі С.Оразалин атындағы, «Ақтоғай ажары газетінің» жүлдесіне арналған тоспа доп турнирлері және 40 жастан, 50 жастан жоғары ерлер арасындағы волейболдан аудандық турнирлер және мереке күндерге арналған спорттық жарыстар жоғары деңгейде өткізілді. Жыл көлемінде Президенттік сынақ қабылдау жүргізіліп, қысқы спорт түрлеріне 2350 адам, жазғы спорт түрлерінен 5418 адам тапсырды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша аудан спортшылары республикалық жарыстарда 8 алтын, 6 қола, 4 күміс медаль, облыстық жарыстардан 39 алтын, 31 күміс, 40 қола медаль жеңіп алды.

Биылғы жылы күрделі жетістіктерімізді айта-тын болсақ, облыстық «Қарлы қыс-2022» спартакиадасынан шаңғы эстафетасынан II орын, президенттік көпсайыспен конькимен жүгіру жарысынан III орынды, жалпы командалық III орынды иелендік. Тоғызқұмалақтан жастар, жасөспірімдер, ерлер мен әйелдер арасында өткен облыс чемпионаттарында аудан командасы бірінші орынды жеңіп алды.

Сондай-ақ, облыс деңгейінде өткен мемлекеттік қызметкерлер спартакиадасында аудан командасы волейболдан жүлделі орындарды иеленді.

Қазақ күресінен сәуір айында Шымкент қаласында өткен жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионатында ауданымыздың спортшысы Мәуленқұл Темірлан 65 келі салмақ дәрежесінде чемпионаттың жеңімпазы атанды. Қазақ күресінен 2002-2004 жылы туған жастар арасындағы ел чемпионатында Сейілхан Әлібек түйе балуандар бәсекесінде үшінші орынға қол жеткізді.

Биылғы жылы екінші рет өткен облыстық ауыл жасөспірімдері ойындарынан аудан құрамасының спортшысы Есенгелді Ерқанат қол күрестен облыста өз салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанып, шілде айында Талдықорған қаласында өткен республикалық жарыста III орын иеленді.

Шілде айында Шет ауданында өткен «Сарыарқа-2022» спартакиадасында аудан құрамасы волейболдан II орын, асық атуда I орын, қол күресінен III орын, жазғы Президенттік сынамадан III орынды иеленді.

Ұлттық спорт түрі көкпардан ауданымыздың

техникалық қызметкер жұмыс жасайды. Ақпан айынан бастап дене шынықтыру және спорт басқармасынан ауылдық жерлердің спортын дамыту мақсатында 10 спорт нұсқаушы штаты беріліп, әрбір елді мекендерде спорт нұсқаушысы болып жұмыстарын жүргізуде.

Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде штаттық кестеге сәйкес 37 қызметкер жұмыс жасайды, оның ішінде 4 әкімшілік, 19 техникалық қызметкер, 10 жаттықтырушы-оқытушы, штат саны – 37, 75.

2022 жылдың қыркүйек айынан бастап Жидебай ауылдық округінде көкпар спорты мен Үшарал елді мекенінде асық ату спортынан бөлім ашылды.

Спорт мектебінің оқытушы-жаттықтырушылары тиімді жұмыс жасау үшін жыл сайын кәсіби шыңдылықтарын шыңдап, курстардан және бөлім тарапынан «Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау ережелері мен шарттарын бекіту туралы» қағидаларына сәйкес аттестациядан өтіп тұрады.

Жыл басынан мемлекеттік қызмет көрсету арқылы біліктілігі жоғарғы деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы атағы Қозы Айдын Қозыұлына берілді.

Ақтоғай ауданы бойынша халық саны – 17060 адам, 9 айдың қорытындысы бойынша спорттың бұқаралық түрлерімен жүйелі шұғылданушылар саны – 5200 адам, бұл көрсеткіш аудан тұрғындарының 32,8 пайызын құрайды, 2023 жылы 33,1%-ға көбейеді деп болжаудамыз.

Мемлекет басшысының бұқаралық спортты дамыту және халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануын арттыру жөніндегі тапсырмаларына сәйкес, барлық жастағы адамдар үшін өткізілетін дене шынықтыру, сауықтыру және спорттық шаралардың санын көбейту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Ақтоғай ауылындағы орталық стадионға күрделі жөндеу жұмыстары басталды, Бассейн құрылысын салуға ЖСҚ әзірлеуге құрылыс бөліміне қаржы салынды.

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі жыл көлемінде өтетін спорттық іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарына тұрақты жариялап отырады, фейсбук, инстаграм парақшалары ашылған, оған қазіргі таңда 62 материал жарияланды. Сонымен қатар, «Ақтоғай ажары» газетінде 24 мақала жарық көрді, облыстық телеарнада 2 сюжет көрсетілді.

А.Кишкентаев,
Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

«Қазақстан-2050: денсаулық стандарты»

Көкпар – қазақтың жаны

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында қазақтың кең байтақ даласын мекен еткен ежелгі көшпенді халқының жеті қыры атап көрсетілген. Сол жеті қырлы алмастың алғашқысы – гауһардай жарқырап, күллі көшпенділер дәуіріне, адамзат дамуына сәуле түсіріп тұрған атқа міну мәдениеті. Осы атқа міну мәдениетінің ішінде жылқымен қатысты ұлттық ойындар жүрегі қазақ деп соғатын әрбір азаматты тебіренетіні анық. Сондай ойындардың бірі әрі бірегейі – көкпар ойыны.

Көкпар – жаужүрек балаларымыздан қалған асыл мұраларымыздың



бірі, ұлттық құндылық. Жақында Қарағанды қаласында Кеңесары Қасымұлының 220 жылдығына орай облыстық «Ұлттық ат спорты федерациясы» ҚБ-нің қолдауымен көкпардан ересектер арасында облыстық біріншілік болып өтті. Үш күнге созылған тартысты додаға аймаққа қарасты өңірлерден 9 команда қатысып, біріншілік кубогын сарапқа салды.

Ауыздығымен алысқан арғымақтарын тақымдап, кілең сайыпқырандар топқа түскен бәсекеле біздің аудан спортшылары жүлделі 4-орынды қанжығалады.

– Ежелден аттын құлағында ойнайтын қазақ баласына ат ойындарының еш жаттығы жоқ. Тәуелсіздік алғалы бері жанданып, жаңғырып келе жатқан ат ойындары бүгінде

зор маңызға ие болуда. Анығында, жер-жерлерде өтетін айтулы жарыстар ұлттық ойындарымызсыз өтпейді. Кеңесары Қасымұлының 220 жылдығы аясында өткен көкпар жарысында аудан спортшылары жақсы нәтиже көрсетті. Сондай-ақ, көкпар барысында әдемі ойын өрнегін көрсеткен Айбар Мәни мен Айбол Оспановтар ақшалай сыйлықпен марапатталды. Әр ауылдың жастары үшін өнеге болар істерімен ұлттық өнердің рухани жаңғыруына үлес қосып жүрген жалындаған жастарға тек бейбіт күннің жеңісті жалауын желбіретсін демекпіз, – дейді ауданның дәл шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Кишкентаев.

Өз тілшімізден.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаментінің 27.09.2021 ж. №176-НҚ Бұйрығы күші жойылып, «Ақтоғай Энерго» ЖШС-нің Шашубай кентіндегі филиалы, 26.10.2020 ж. №161-НҚ Бұйрығына сәйкес, 2022 жылдың 1 қазанынан бастап, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен жабдықтау қызметі бойынша 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 4 863,71 теңге тариф қолданылады. Оның ішінде:

– жеке тұлғаларға – 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 4 018,70 теңге мөлшерінде;

– бюджеттен қаржыландыратын мекемелерге – 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 31 083,06 теңге мөлшерінде.

«Ақтоғай Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Шашубай кентіндегі филиалы ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті, Ж.Ақбергенов көшесі, 1.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Согласно Приказу от 27.09.2021 года №176-ОД Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Карагандинской области, утратил свою силу, и применяется предыдущий тариф от 26.10.20 №161-ОД филиала ТОО «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай на услуги производства, передачи, распределения и снабжения тепловой энергией в размере 4 863,71 теңге/Гкал без НДС, с 1 октября 2022 года, в том числе по группам потребителей:

– население – 4 018,70 теңге/Гкал без НДС;

– бюджетные организации – 31 083,06 теңге/Гкал без НДС.

Филиал товарищества с ограниченной ответственностью «Ақтоғай Энерго» поселка Шашубай РК, Карагандинская область, Ақтоғайский район, поселок Шашубай, улица Ж.Ақбергенова, 1.

Еске алу

Отбасымыздың сүйеніші, немерелерінің ардақты атасы, қимас жар, асқар таудай қамқор әкеміз **Әзімбаев Қанат Тұрсынбекұлының**



фәни жалғаннан бақиға озғанына 3-желтоқсанда қырық күн болады. Тіршілігінде ақкөңіл, жүрегі мейірім мен ізгілікке толы әкемізді сағынышпен еске аламыз. Күні кеше ғана әкелік ақылын айтып, қорғанымыз болған асыл жаннан бір сәтте айырылып қалдық. Біз үшін аса қымбатты, мейірбан жанның жарқын бейнесі жадымыздан ешқашан ұмытылмайды. Жатқан жері жарық, топырағы мамық, жаны жәннатта болып, жұмақ төрінен орын алсын деген ниетпен дұға бағыштаймыз.

Сағынып еске аламыз, біз өзінді, Сыздайды аңсап, іздеп жүрек мұңды. Отбасың, туғандарың дұға арнайды, Жаратқан қабыл етсін дұғамызды.

Еске алушылар: жұбайы – Үміт, балалары мен бауырлары.

Әкеміздің өмірден өткеніне қырық күн толуына орай Ақтоғай ауылы «Достар» дәмханасында 3-желтоқсан күні сағат 13.00-де ас беріліп, Құран бағышталады. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, әріптестер мен әкемізбен сыйлас болған барша ағайынды шақырамыз.

Әбеуов Балтабек



Ақтоғай ауданының тумасы, журналистика саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған қарымды қаламгер, газет ардагері **Әбеуов Балтабек** 2022 жылдың 21-қарашасында 75 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Б.Әбеуов 1947 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосында дүниеге келген. Мамандығы – журналист. Журналистік қызметін Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде бастап, бұрынғы Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» («Сарыарқа») газетінде жалғастырған, облыс таратылған соң, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан», аймақтық «Мысты өңір» газеттерінде қызмет істеді. Оның қоғамымыздағы өзекті мәселелер төңірегінде ой қозғаған мақалалары республикалық, облыстық және аймақтық мерзімдік басылымдарда үзбей жарияланды. 2003 жылы журналистердің елді демократияландыру мәселесіне арналған республикалық конкурсында жүлдегер атанды.

Алғашқы фельетоны 1967 жылы республикалық «Ара» журналында жарияланған оның қаламынан шыққан сын-сықақ, әзіл-оспақ та бір кітапқа жүк боларлық. «Асар» баспасынан жарық көрген «Қасиет» атты журналистік жолжазбасы 2017 жылы оқырманға жол тартып, көпшілік көңілінен шыққан еді. 44 жылдық журналистік қызметінде зор шығармашылық ізденісімен абырой-беделге бөленген ардагер аға Балтабек Әбеуовтың қалың оқырманға бергені көп.

Саналы ғұмырын журналистика саласына арнаған әріптесіміздің жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады. Отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Ақтоғай аудандық «Ақтоғай ажары» газетінің ұжымы мен бір топ ардагерлері.

Еске алу

Бірімізге қамқор, жанашыр бауыр, бірімізге аяулы ана, енді бірімізге асыл әже, ағайын-туыстың жанашыры, ақылшымыз болған **Қанафина Динажанды** мәңгілік мекеніне аттандырып салғанымызға да 40 күн өте шығыпты. Кеше ғана бала-шағасының ортасында отырған анамызды өткен шақпен айту да оңай емес, сену де қиын...



Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шеберелерін де сонынан ертіп, қамқор болып жүретін ардақты анамыздың жарқын бейнесін ұмытпаймыз. Ортамызда үлкен-кішімізді де сыйлап, ақылын айтып, қызық-қуанышымызды бөлісіп, шын ниетпен тілеулес болатын.

Анамыздың жүрегі өте кең еді. Әсіресе, бауыр, ағайын-туыс, дос-жаран, ауылдастарға жанашыр бола білді. Өлімге қимағанмен, Алланың өміріне шара жоқ. Жаныңыз жәннатта, төніңіз рахатта болғай.

Кеттіңіз ғой келмес тұраққа,
Сапар шегіп, шексіз-шетсіз ұзаққа.
Жаратқаннан біз тілейміз қол жайып,
Жаныңыз мәңгі орын тапсын жұмақтан.

Еске алушылар: Төлубаев Нұрланның отбасы.

Хабарландыру

Шабанбай би ауылдық округінің тұрғыны **Құлымжанова Корланның** атына берілген Меркурий-115 ФКЗ маркалы (зав. №000001251211 2012 ж. шығарылған) кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

